



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

ТҮСТЕРДІҢ БАЛАМАЛЫҚ АТАУЛАРЫ ЖӘНЕ ӘСЕР ЕТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Әбдірахманова Әсемгүл

begimbai@hotmail.com

«Дизайн және инженерлік графика» кафедрасының 1 курс студенті, Л.Н.Гумилев ат.

ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - К.М.Бегімбай

Түстердің адам санасында тудыратын ассоциацияларды анықтай отырып, олардың адам психикасы мен физиологиясына әсер ету ерекшеліктерін дизайн салаларында қызмет ететін мамандар жете білуі қажет және кәсіби қызметінде оңтайлы қолдана білуі керек.

Адамның түсті көріп түйсіну заңдылықтарын зерттеу мәселесін физиология, психология, социология, философия ғылымдарының алатын орындары ерекше. Адам көзінің түстерді қабылдауы және оны түйсігінде саралау қасиетінің механизімін физика және физиология ғылымдары зерттеген.

Ғалымдардың пайымдауы бойынша адам мыңдаған түстерді ажырата біледі. Адамзат дамуы барысында әуелде қоршаған ортадағы табиғи түстерді қабылдау мүмкіншілігіне ие болғанын білеміз. Табиғи құбалыстар, тау, тас, жер, су, өсімдіктер мен жануарлар әлеміндегі кездесетін табиғи түстерді ажырата білу адамның бастапқы тұстану қаблеттерінің негізін қалаған [1].

Табиғи ұқсастығына байланысты табиғатта кездесетін заттарға сәйкес түс атаулары әр халықта өзіндік мәдениетке сай қалыптасқан.

Мысалы, металл түстерін сипаттайтын түстердің атаулары – күміс түстес, алтын түстес, қола түстес, темір түстес (метталлик), мыс түстес және т.б. баламалары санамызда толық қалыптасқан. Табиғи тастардың түстеріне сай – бирюза, малахит, сапфир, коралл т.б. сай түс атаулар да жиі қолданылады.

Қазақ халқында төрт түлік малды ажырату үшін қолданылатын түстік атаулар – күрең, жирен, ақ боз, сұр т.т. атап кетуге болады.

Табиғи құбылыстарды сипаттайтын немесе балама түрінде қолданылатын түстерді атап өтетін болсақ – алтын күз, көгілдір аспан, жасыл шөп, қоңыр күз, ақ қар, теңіз толқыны түстес түс, көк шалғын, ала тау, қызыл алма, лимон түстес, сұр жауын т.б. [2].

Болашақ дизайнерлердің бақылағыштық қасиетін дамыту үшін арнайы жаттығулар мен теориялық білімдерін толықтару мақсатында өзіндік жұмыс орындау ұсынылады. Алған білімдерін практикалық сабақта жаттығулар жасауда қолданады.

Түстің сипаттық әсерлілік мәнінің мәселелері

Ашықтық диапазоны – түстің реңінің ашық болу көрсеткішінің жоғары немесе төмен болуына байланысты. Ашықтық диапазон түстің қанықтығымен де байланысты. Түстің қанықтығы немесе солғындығы түстің басқа түстермен араласу нәтижесіне байланысты. Мысалы, қанық қызыл түске қанық сары түсті қосқанда ғана қанық қызғылт түс алуға болса, қанық қызыл түске солғын сары түсті қосу арқылы түбінде ашық түс шығару мүмкін емес. Ашық диапазонды түстер адамның көңіл күйіне жағымды әсер етсе, керісінше солғын диапазонды түстер кері әсер етеді [3]. Сондықтан дизайн салаларында, әсіресе жарнамалық жоба жұмыстарында ашық түстер қолданған орынды.

Контраст (фр. *contraste* < лат. *contrarius* – қарама-қарсы) – бұл айқын байқалатын қарамақайшылық, бейненің кейбір бөліктерінің реңдік қатынасын айқын көрсету, ақ-қара немесе түрлі-түсті бейнелердің сипаттамасы және т.т.

Түстік контраст – басқа түстің әсеріне байланысты түстің құбылуы, адам өзінің қабылдау ерекшелігіне негізделген заңдылық. Мысалы, сұр жазықтық ақ фонда қарайып, ал қара фонда ағарып көрінеді.

Бірмезгілдік ашықтық контраст реңдік сипаттамасы өзгеше түбінде бір түстен шыққан түстер арасындағы болатын заңдылық. Бұндай екі түс бір-бірімен қатар орналасқанда бірі екіншісінің ашықтығын анықтай түседі [4].

Контрастық құбылас жарық көзінің қуатына да байланысты болады. Мысалы, жарық терезеден қабырғаға тікелей түссе, сол қабырғаның түсі жарық жанама түскен қабырғаға қарағанда қараңғылау болып көрінетіндіктен негізі бір түспен боялған қабырғалар әртүрлі реңде қабылданады. Бұндай құбылысты табиғаттағы болатын жыл мезгілдері мен күннің көкжиекпен салыстырғандағы орнымен де тікелей байланысты болады.

Жарықтың түсу бұрышына байланысты заттардың көлемі де өзгеше көрінеді. Осы басты заңдылықтарды есте сақтай отырып, дизайн жобаларында түстерді ұтымды пайдалана білу үшін, бірқатар тәжірибелік жаттығулар жасау керек.

Түстердің түрлері мен атаулары

Көптеген түстерге олардың адам санасында тудыратын ассоцияларға байланысты атаулар беріледі. Төменде кейбір түстердің қоршаған ортада кездесетін заттар мен құбылыстарға сай атаулары келтірілген.

Қызыл: қызылша түстес, анар түстес, қан түстес, қызамық түстес, жидек түстес, коралл түстес, мыс түстес, раушан түстес...

Қызғылтсары: от, сәбіз, кірпіш, қыш, апелсин, тат, бал, қола, шабдал түстес...

Сары: охра, шабдал, алтын, янтарь, құм, шөп, қаймақ, піл сүйегі, адам денесі, крем, боз, шай раушаны, жүзім, банан түстес...

Жасыл: горчица, шылым, фисташка, зәйтүн, хаки, бұршақ, батпақ, бутылка, салат, малахит, изумруд, теңіз толқыны, шырша, жусан, көгерген, мыс таты, купорос, шөп, бақа, кабачок, фосфор түстес...

Көгілдір: аспан, бирюза, аквамарин, лазур, электрик...

Көк: сапфир, ультрамарин, кобальт, индиго, өрік, баклажан түстес...

Күлгін: аметист, сирень, лило, сия, гиацинт, Ренессанс, фанданго, орхидея, вербена...

Көкшілқызыл: мальва, ашыған құлпынай, жаншылған шие, ескі бургунд, бұқа қаны, каприз, портвейн, Веласкес, Медичи, Бахус, амарант...

Ақшыл сұр: ақ түн, алюмин, болат, түтін, күміс, сүт, графит, лилия, сұлы ұны, жұмыртқаның қабы, перламутр, маржан, құрыш, альбатрос, шаң, тұман, бұлт түстес...

Қара: қарға қанаты, күйген терек, антрацит, агат, маренго, асфальт, тропикалық түн, «ревизия алдындағы түн», «ұшуға болмайтын ауа райы»...

Қоңыр: бур, торф, жаңғақ, шоколад, кофе, каштан, боз, эскимо, қызыл ағаш, мокасин, Тонагро, Пикадили... [2].

Жоғарыда келтірілген түстердің күнделікті өмірде кездесетін заттар мен табиғи құбылыстарға баламалық ассоциациялардан туындаған аттарын болашақ дизайн саласының мамандары жатқа білуі керек және кез-келген заттың не құбылыстың сипаттамасын жасағанда олардың реңдерін барынша дәл айта білуі қажет.

Түстердің адам психикасы мен физиологиясына әсері

Түс адам психикасы мен физиологиясына әсер ететіні ежелден белгілі құбылыс. Бұл бағытта жасалған бірқатар ғылыми зерттеулердің кейбір нәтижелері төменде нақты қандай түстің қалай әсер ететінін сипаттау арқылы талдауға тырыстық.

Қызыл. Түс толқынының ұзындығы ең жоғары көрсеткішке ие болғандықтан адамға әсері де жоғары. Қоздырғыш, жылытқыш, белсенді және энергиялы түс. Сондықтан көру органы арқылы қабылданып, адам ағзасының барлық органдарының жұмысын жандандырады.

Нерв орталығын жандандырып, бұлшық еттер мен бауырды энергиямен толықтырады. Қызылша ауруын және тері ауруларын емдеуде қолданылады. Белгілі бір уақытқа бұлшық етінің жиырылуын күшейтіп, қан қысымын көтереді және тыныс алуды жиілетеді.

Медитация кезінде қызыл түстің энергиясын алуға, суық тиіп ауырғанда, өкпе қабынуына, астма және тағы басқа ауруларға септігі бар деп есептеледі.

Кері әсер етеді – толық адамдарға, қан қысымы жоғары адамдарға, жүйке ауруы барларға, жирен шаштыларға.

Қабыну процестері өтіп жатқан кезеңде қолдануға тиым салынады, себебі оларды одан сайын үдететін болғандықтан.

Зодиак белгілерінің мыналарына тән: тоқты, арыстан, таразы, сарышаян, мерген.

Қызғылтсары. Жандандыратын түс. Қызыл түс әсер ететін бағытта әсер етеді. Бірақ, қызылға қарағанда саябырлау. Ас қорытуды жақсартады, жасаруға септік етеді, қажырлықты арттырады, еңсені көтереді, уайымнан арылтады. Өкпе тканын ширатады, антиспазматикалық қасиетке ие, қан айналымын және тері түсін жақсартады, бірақ қызғылтсары түстің мөлшерден тыс болуы ағзаның қызуын көтеруі мүмкін (яғни ол қызылға қарағанда жылырақ түс) [1].

Зодиак белгілерінің мыналарына тән: қой, арыстан, таразы, бике, егіздер.

Сары. Жандандыратын түс. Физиологиялық тұрғыдан оптималды. Азырақ шаршататын, нерв және көру жүйелерінің жұмысын қозғалыс орталықтарын жандандыратын, көңіл күйді көтеретін, бұлшық еттерді шуаттандыратын, диабет ауруын емдеуге қолданылатын, ас қорытуды жақсартады, қылылықты түзететін, қимыл-қозғалысты түзететін қасиеттері бар деп есептеледі.

Медитациялық емдеу тәжірибесінде қолдану нәтижесінде интеллектуальды қаблеттерді арттырып, минеральды қажеттілікті толықтырады. Ағзадағы қышқылды азайтады.

Зодиак белгілерінің мыналарына тән: арыстан, таразы, бике, егіздер.

Жасыл. Физиологиялық тұрғыдан оптималды. Қан қысымын төмендетеді, капиллярды кеңейтеді, сақинаны (мигрень) тыныштандырып жеңілдетеді, бұлшықтардың жұмысын ұзақ уақытқа көтереді. Қызылға қарама қарсы әсер етеді.

«Жасыл түсті ұнатпайтын адам – өмірдегі болатын қиыншылықтарға төзгісі келмейтін, тағдыр тауқыметінен, күрт өзгерістерден қорқатын адам. Ал оны ұнататын адам, басқа біреудің ықпалында болудан қорыққандықтан ұдайы өзін өзі көтермелейтін адам» деген тұжырым бар. Жасыл түсті ұнататын адамдар қажырлығымен, қайраттылығымен, табандылығымен өмірдегі қиыншылықтарға қарсы тұратын қасиетке ие.

Егер сізге ашық жасыл түс ұнайтын болса, сізге биязылық пен сезімталдық тиесілі, сіз жанды адамсыз, бірігіп іс-қимыл жасауға бейімсіз және де жақыныңызға әрдайым көмекке келуге даярсыз, сізде емшілік қасиет болуы мүмкін» деген Гетенің ой-тұжырымын осы сәтте айта кету орынды.

Жасыл түс ағзаны сергітетін әрі тыныштандыратын қасиетке, сонымен қатар антисептикалық қасиетке ие, сондықтан жүрек пен қан тамыры, астма, ұйқы қашу ауруларын емдеуге.

Зодиак белгілерінің мыналарына тән: бұқа, шаян, бике, атушылар.

Көгілдір. Тыныштыратын түс, бұлшық етіндегі қысымды тарқататын, қан қысымын түсіретін, жүрек соғысын және тыныс алуды саябырлататын, дене қызуын түсіретін, сергітетін, шыдамдылыққа баулитын, тәбетті түсіретін, ауырғанды басатын, ыстықты түсіріп, антисептикалық қасиеттерге ие. Ұйқы қашқанда және жүйке тозғанда көмектеседі. Сондықтан ауруханаларда жиі қолданылады [1].


Зодиак белгілерінің мыналарына тән: таразы, балық, атушылар, су төккіштер, теке мүйізділер.

Көк. Тыныштыратын қасиеті ұнжырғаны түсіретінге ауысып, адамның физиологиялық жүйесінің жұмысын тежейді, антисептикалық және бактерияға қарсы қасиетке, өсуге септік ететін, ісікті емдейтін, күйікті, шаштың түсуі, ревматизм, бас ауруын, көздің қабынуын емдейтін қасиетке ие.

Эмоциональды және жүйке ауруына душар болған адамдарды емдеуге бағытталған терапияда қолдануға ұсынылады. Көк түстің әсері тым ұзақ қолданылса адамды сары уайымға (депрессия) шалдықтырады.

Зодиак белгілерінің мыналарына тән: таразы, балық, атушылар, су төккіштер, теке мүйізділер.

Күлгін. Қызыл мен көктің қоспасы. Жүйкеге ауыр әсер етеді. Оның адам психикасы мен физиологиясына әсер ету бағытын анықтау үшін төменде келтірілген 1- суретті қарастырайық:



Сурет 1. Түстердің адамға әсер етуі факторы бойынша орналасу реттілігі

Жоғарыдағы суретке түсінік беретін болсақ: + таңбасына жататындары жандандыратын әсер берсе, – таңбасына жататындары керісінше тыныштандыратын әсер береді. Жасыл түс суретте көрсетілгендей ең нейтральды жағдайда орналасқан. Күлгін түс ауыр әсер ететіндіктен шетте орналасуы керек. Бірақ та күлгін түстің ашық түрлері (сирень гүлдері) сергітетін әсер қалдырады.

Ақ. Көңіл күйді жадырататын, тазалық сезімін тудыратын қасиетке ие.

Қара. Ұстамдылық, байыптылық сезімдерін тудырады. Қара түс тым көп болса көңіл күйге ауыр әсер етеді.

Сұр. Тыныштық сезімін тудырады. Тым ұзақ қолданылса көңіл күйді түсіріп, амалсыздық сезімін тудырады.

Қоңыр. Жайбарақаттық сезімін тудырады, тым ұзақ әрі көп мөлшерде қалданылса қамсыздыққа әкеліп соқтырады [5].

Сонымен, әуелде адамның түсті көріп түйсіну заңдылықтарын зерттеу мәселесімен физиология мен психология ғылымдарының қол жеткізген кейбір жетістіктеріне талдау жасау арқылы адам көзінің түстерді қабылдауы және оны түйсігінде саралау механизмінің қасиеттерімен таныстық. Осы аталған салалар ғалымдарының пайымдауы бойынша адамның мыңдаған түстерді ажырата білетіндігіне көз жеткіздік. Адамзаттың әуелде қоршаған ортадағы табиғи түстерді қабылдау мүмкіншілігіне ие болғанындығын және кейінде одан әрі дамуы барысында табиғи құбалыстар, тау, тас, жер, су, өсімдіктер мен жануарлар әлеміндегі кездесетін табиғи түстерді ажырата білу қаблетінің қалыптасқаны анықталды.

Сонымен қатар, ізденіс жұмысы барысында жасалған талдаулардың нәтижесінде түстердің адамды қоршаған ортадағы табиғи және жасанды заттармен немесе белгілі бір табиғи құбылыстармен ұқсастығанан туындайтын ассоциациялық сипаттары мен баламалық атауларының қалыптасқандығын анықтадық.

Жұмысымыздың үшінші бөлімінде түстердің адам психикасы мен физиологиясына әсер ету ерекшеліктеріне саралау жасауға тырыстық.

Жоғарыда баяндалған жұмысты қорытындылай келе айтарымыз – түстердің адам санасында туғызатын ассоциациялары мен олардың нәтижесінде пайда болған баламалық атауларының қалыптасу жолын, түстердің басқа да қасиеттерімен таныса отырып, олардың адам психикасы мен физиологиясына әсер ету ерекшеліктерін барынша ажырата білу дизайн саласында қызмет ететін мамандардың кәсіби парызы болып табылады деп санаймыз.

Сондықтан осы ізденіс жұмысын орындау барысында тұстану саласына қатысты анықталған жағдайларды дизайнер ретінде болашақ кәсіби қызметімізде оңтайлы қолдана білуіміз қажет деп санаймыз және осы бағытта ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу әлі де жалғасын табады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Волков Н.Н. Психология искусства. – М.: Просвещение, 2001. – 206 с.
2. Бегімбай К.М. Тұстану. Оқу құралы. – Астана, ЕҰУ. 2012. – 92 б.
3. Зайцев А.С. Наука о цвете и живопись. – М.: Искусство, 2006. – 158 с.
4. Фридлинг Г., Ауэр К. Человек - цвет - пространство. – М.: Стройиздат, 2003. – 141 с.

УДК 7. 745/749

ҰЛТТЫҚ ҚОЛӨНЕРДІ ДАМУ ЖАСТАРДЫҢ ПАТРИОТТЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІНЕ САЯДЫ

Әбілғазина Назерке Дәуренқызы

naza_2504@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі –Т.Б. Батанов

Қазіргі таңда ұлттық өнердің қоғамдағы алатын орны үлкен. Қалқымыз бұрынғы заманнан бері сан алуан қолөнер түрлерін ашып келгені шындық. Сол арқылы өткені мен бүгінгісін байланыстырып, оны бүгіннің талабымен ұштастыруға құлшынуда.

Қазір Қазақстанда ұлттық сана-сезімді қалыптастыру арқылы мемлекеттік сәйкестілікті сақтауға бағытталған білім берудің өзіндік ұлттық үлгісін жасаудың қажеттілігі туды. Дәстүр – әр ұлт халқының өзіндік салт-санасы, ғылыми көз-қарасы, демократиялық ой-пікірі, әдет-ғұрпы, мәдениеті, рухани байлығы. Бүгінгі мәселе қолөнердің тәрбиелік маңызын насихаттап, студенттерге білім берудің қазіргі кезеңдегі деңгейіне сәйкес лайықтау болып отыр [1].

Қолөнер – ғасырлар бойы дамып, қалыптасып келе жатқан халық шығармашылығы. Ол уақыт өте келе түрленіп, жаңарып, атадан балаға мұра боп жалғасып бізге жетті. Сол арқылы біз одан үлкен рухани, эстетикалық тәлім алып, өнер әлеміне қанат қағамыз. Мейлі қандай өнер туындысы болсын белгілі бір дәуірде өмір сүрген халықтың тұрмыс-тіршілігін бейнелейді. Ал адамдар өздерінің асқақ арманын, табиғатты, ішкі жан-сезімін осы өнер арқылы білдірген. Соған қарап-ақ бір халықтың тарихын, салт-санасын білуге болады.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында Қазақ елінің жарқын келешегін Мәңгілік ел идеясынан өрістете айқындап, «Мәңгілік Ел – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Ол арман – әлем елдерімен терезесі тең қатынас құрып, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз мемлекет атану еді. Ол арман – тұрмысы бай-қуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты Ел болу еді. Біз армандарды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік елдің іргетасын қаладық. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – Мәңгілік ел идеясы» деп нақты бағдарлы мақсат жолын алға тартты [2].

Мәңгілік Ел ұлттық идеясының негізгі мәні – мәңгілік мақсат-мұраттарымыз бен мәдени-рухани құндылықтарымызға негізделген. Сондықтан ғылыми білім беруде, «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы негізінде ойға ой қосу арқылы өткенімізден сабақ ала отырып, болашағымызды баянды ету жолындағы мұраттарымызға жетеміз. Мәңгілік елдің материалдық тұғыры өрісті экономикасы болса, рухани тұғыры – өркенді мәдениеті. Сан тарау салалардан түзілетін ұлт мәдениетінің мәйекті арнасы – бағзы-бағзы күндерден бері үзілмей жалғасып келе жатқан дәстүрлі өнері.

Қолөнер қашанда заман, өмір ағымынан туындап, дамып отырады. Қазақ қолөнерінің өсу жолы өзіне тән даму тарихы бар. Ол тарих сонау көне замандардан басталады. Қазақ халқы осынау ұлан-байтақ даладағы ертеден келе жатқан көне мәдениеттің тікелей мұрагері ғана емес, сол дәстүрлерді дамытушы, жаңғыртып байытушы. Ата-бабадан қалған көнекөз асыл мұра – қазақтың ұлттық қолөнеріне деген ықылас сонау ғасырлардан бері өз ерекшелігін жойған емес. Ұлы Жібек жолын бойлай өтіп, айшылық алыс елдерді көшпенділер мәдениетімен, салт-дәстүрімен таныстырып, қазақ даласын әлем жұртына паш етуге үлес қосқан да осы ұлтымыздың қолөнер туындылары десек артық айтқандық емес. Алайда өмір салты өзгере келе, біз төл туындымыздың небір асылынан, небір жауһарынан